

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Міне, дін мен саясатты поэтикалық пішінде синтездеудің керемет үлгісін көрсеткен Мағжанның түркішілдік-тәңіршілдігі мұсылманшылықтың *екі дүние* турасындағы қағида-қисынымен осылайша кіріктіріліп-контаминацияланған.

Сонымен, реалист Абайдан романтик Мағжанға дейінгі аралықта «екі жақ» (екі дүние, екі жиһан, екі жай) тақырыбының әдеби-тарихи дамудың даңғылында өзегінен өткерген өзгерістерін тексеріп-талдап-талқылаудан түйгеніміз осы.

Тек тиянақтап айтатынымыз: Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі «екі жаққа үңілуі» біз ойлағандай «Батыс-Шығыс» парадигмасына сабақтас емес; оның орнына – «Қазақ-Шығыс», нақтылағанда, «қазақ-ислам» ара қатысымен қауышып-қабысып жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

2 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.

3 Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. – Алматы: Мектеп, 2002. – 368 б.

4 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

5 Кердері Әбубәкір. Қазағым: Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 288 б.

6 Қасиетті Құран: мағынасы мен түсініктемелері. Араб тілінен аударған – Ершат Оңғаров, әдеби редакциялаған – Нұржан Мұратәлі. – Нұр-Сұлтан: 2020. – 1016 б.

7 Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар (Құраст. М.Мағауин). – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

8 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.

ӘОЖ 82.09

АЛАШ ӘДЕБИЕТІ – АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ*

¹Жұмағұл С., ²Шалғынбекова А.

¹Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д., Астана қ., Қазақстан

²Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының іс қағаздарын жүргізуші, п.ғ.м., Астана қ., Қазақстан

E-mail: 1Sagymbai.zhumagul@mail.ru, 2ayauuzhan@mail.ru

Abstract. The article focuses on the works of academician Zaki Akhmetov, who studied the current problems of the development of Kazakh literature at the beginning of the 20th century in a new way. Articles about the work of prominent figures of Alash literature are considered. In particular, the importance of articles differentiated from the point of view of the traditions of Abai in literature at the beginning of the 20th century, of the works of Akhmet Baitursynuly, a reformer who became the teacher of the nation, and of Shakerim – a classic of Kazakh literature in the national literary science is revealed.

1987-1989 жылдары СОКП «30-40-жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында орын алған репрессиялармен байланысты материалдарды қосымша зерттеу туралы СОКП ОК Саяси бюросының комиссиясын құру туралы» (1987.28.09), «Заңсыз қуғын-сүргін, репрессиялар құрбандарына ескерткіш орнату туралы» (1988.4.07), «30-40-жылдар және 50-жылдар басында заңсыз репрессияланған тұлғаларды ақтаумен байланысты жұмыстарды аяқтауға қатысты қосымша іс-шаралар туралы» (1988.11.07), «30-40-жылдар кезеңі және 50-жылдар басында орын алған репрессияларда құрбан болғандарға қатысты әділдікті орнатуға байланысты қосымша іс-шаралар туралы» (1989.5.01) бірнеше қаулы қабылдады [1. 15-19].

КСРО империясы ұстанған барша зұлмат пен нәубет қасіретін байыптауға жол ашқан аталған қаулы-қарарлар және «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы» [«Қ.Ә».1989.15.XII], «ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 20-40-шы жылдар мен 50-ші жылдардың басында идеология, тарих және республиканың тарих ғылымы мәселелері бойынша қабылдаған кейбір қаулылары туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеологиялық Комиссиясының қорытындысы» [«Қазақстан коммунисті». 1991. №10] қазақ ұлтының тұтас рухани әлемін шарпыған тоталитаризм зардабына үңілдірді. Кеңестік саясаттың жойқын саяси зобалаң толқындарынан туындаған санадағы үрей мен құлдық психологиядан арылуға серпін беріп, рухани азаттыққа бастады.

XX ғасырдың соңғы ширегі тоталитаризм қысымындағы саяси-әлеуметтік өмірдің тарихи шындығын түбірлі қалпына келтірудегі түбегейлі өзгерістер Алаш қайраткерлерінің әдеби және ғылыми мұраларының ақталуымен жаңаша сипат ала бастады. Оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» [«Қ.Ә».1988.15.04], «Қазақ ССР Прокуратурасында» [«Қ.Ә».1988.23.12], «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» [Қ.Ә.1989.6.01], «Міржақып (Мир-Якуб) Дулатов» [«Қ.Ә».1989.28.07] және әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы түбегейлі жол ашты [«Қ.Ә».1989.15.12].

Сталинизмнен өрістеген тарихтың «ақтаңдақтар» атанған зардаптарын объективті тануға серпін берген аталған тарихи мәні зор құжаттарда «Шәкәрімнің әдеби творчасы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. Жалпы алғанда оның творчестволық мұрасы мол да, мағыналы және ол XIX және XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдардағы «үнсіздік» пен нақақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс» [2], «Қазақстандағы Алаш буржуазиялық-ұлтшылдық партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына кешірім жасау туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 4 апрельдегі шешіміне қарамастан белгілі әдебиетшілер М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, сондай-ақ Ж.Аймауытов 1930 жылы және 1937-38 жылдары социалистік заңдылықтардың тым өрескел бұзылуы жағдайында негізсіз қылмысты жазаға тартылып, контрреволюциялық антисоветтік қызметпен айналыпты-мыс деген желеумен өлім жазасына кесілген болатын. Биыл Қазақ ССР прокуроры республика Жоғарғы сотының сот коллегиясына үкімді жоюды және аталған адамдардың әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауы себепті олар жөніндегі істі тоқтатуды талап еткен наразылықтар енгізген еді. Қазақ ССР Жоғарғы соты наразылықтарды республика прокурорының қатысуымен қарай келіп, оларды толық көлемінде қанағаттандырды. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытов жөніндегі істер тоқтатылып, олар ақталды» [3], «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің комиссиясы жеке адамға табыну кезінде жазықсыз жазаға ұшыраған және социалистік заңдылықты бұрмалаудың құрбаны болған М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет деп санайды» [4] деп атап көрсетілді.

М.Дулатұлына қатысты қаулыда Амангелді өліміне Алаш қайраткерлері, соның ішінде Міржақып тікелей айыпты деген саяси доғмаға құралған тарихи деректер терістелді: «Шындығына келсек, мұның өзі документтердің де, көзкөргендердің куәлігімен де дәлелденбеген. Сөйте тұра мұнан кейінгі жылдарда да публицистика, тарихи және көркем әдебиет, жеткілікті болмаса да, Алашорданың басшылық етуімен халыққа қарсы жасалған қиянаттың бәрін оның бір басына жапсыра бергендігі де анық. М.Дулатовтың аса бай шығармаларының мұрасына теріс көзқарастың қалыптасуына осындай пиғыл қатты әсер

етгі» [5]. Аталған қаулылардан ұзақ дәйектемелер келтіруіміздің өзіндік себептері бар. Өйткені олар Алаш арыстарының әдеби-тарихи қызметіне қатысты әлеуметтік танымды қате көзқарастардан айықтыруда, ақиқат ұғымын ұлттық мүддемен орайлас азаттық мұраты тұрғысынан ұғынуымызға ерекше серпін мен сілкініс дарытты.

1989 жылдың 14 желтоқсанында Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің мәселелері» тақырыбында өткен ғылыми-теориялық конференция мақсаты әдебиеттанудың келелі мәселелерін байыпты талқылаудан туындады. Ш.Сәтбаева, М.Қаратаев, З.Ахметов, Ш.Елеуқенов, Ж.Ысмағұлов баяндамаларында XX ғасыр басындағы ұлт әдебиеті тарихын кешенді зерттеудің басты міндеттері айқындалды. Мәселен, З.Ахметов Алаш арыстары мұрасының ақталуы әдебиеттануда ғасыр басындағы әдеби үрдісті қарастырудың әдістемелік негіздерін түбірлі қайта қарау, сан жылдар бойы үстем болып келген қасаң қағидалардан арылу, көркемдік дамуды тарихи сабақтастық тұрғысынан саралау талабының туындап отырғанын: «Своеобразие казахского литературного процесса начала XX в. можно понять лишь в том случае, если рассматривать литературу в неразрывной связи с историческим развитием общества, важнейшими социальными событиями предреволюционных лет» [6. 30] деп түйді.

Академик Зәки Ахметов XX ғасыр басындағы ұлт әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын жаңаша танымда байыптап, тың көзқараспен зерттеуде «Абай дәстүрі XX ғасыр басындағы әдебиетте» (Ақиқат. 1993. № 2), «Бүкіл қазақ «Ахан» деген (Абай. 1998. № 3), «Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі» (Абай. 2007. № 4), «Жаңа идеялар жаршысы» мақалаларын жазды. Әлихан Бөкейхан шығармалар жинағына рецензия жариялады. Мақала «Алаш туын қолға алған» (Қазақ әдебиеті. 1995. 13.01) деген атаумен жарық көрді.

Абай дәстүрінің Алаш сөз өнеріндегі дәстүр жалғастығын екшеген «Өлең өрнектері» мақаласында: «Сегіз аяқ» өлшемінен Абай бір-ақ өлең жазса да, осы шығарманың маңыздылығы ерекше болғандықтан, сол арқылы-ақ өлеңнің кестесі қазақ поэзиясында берік орнықты. Бірталай ақындар «Сегіз аяқ» өлшемін қолданып көрді. Бірақ, осы күрделі, қиыннан қиыстырылып жасалған өлең өрнегіне сай көркемдік қуаттылық танытқан адам көп емес. Бұл тұста Шәкәрім, Ахмет Байтұрсыновтың осы өлең өлшемін қолдануы көңіл қоярлық деп айта аламыз» деп түйді. Ұлттық ояну дәуірінің алыбы Міржақып шығармашылығын жаңа идеялар жаршысы деп бағалады.

«Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі» мақаласында: «Шәкәрім – ұлы гуманист, кеменгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі. Ол Абай дәуірінен бастау алатын XX ғасырдың басында кең арнаға түсіп дамыған демократиялық идеяларды, халықтың азаттығын туғып ұстап, ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын аңсаған қоғамдық қозғалыстың аса көрнекті өкілдерінің бірі. Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеяларын – адал еңбекті, әділеттікті, мейірімділікті жақтауы, зорлық-зомбылықты, қиянатшылдықты әшкерелеуі прогресшіл, жаңашыл қоғамдық күштердің озат ой-санасының жарқын көрінісі болғаны және халықтық түпкі түбегейлі арман - мүдделерін терең түсінуден туғаны анық. Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық, эстетикалық көзқарастары негізінен XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет пен мәдениет қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл, ақын-жазушы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған, Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды» [7] деп бағалады.

Қорыта айтқанда, Алаш арыстарының қайта оралған әдеби мұрасын, шығармашылығын ұлттық мүддеге орайлас ғылыми негізді тану мен зерттеуде батыл қадамдар жасалды. Олардың азаматтық және қаламгерлік мақсаты қашан да елдік мұратпен тамырласып жатқан қайталанбас құбылыс десек, ұлттық әдебиеттану ізашарларының әдеби, ғылыми мұраларының қайта оралуы XX ғасыр басындағы Алаш ұранды ұлт әдебиетінің даму белестерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыруға, көркемдік ұласудың дәстүрлік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Соның барысында қалам қайраткерлерінің барша саналы ғұмыры, қоғамдық және шығармашылық қызметі қазақ халқының азаттық мүддесі

болғаны тұжырымдалды. Халықты ояту, отаршылдық танған құлдық санадан арылту арқылы азаттыққа жетуді көздеген ұлт санаткерлерінің озық идеялары сол кезде тәуелсіздігін алуға ұмтылған халқымыздың елшілдік қасиетін, отаншылдық мұратына серпін берді. Сондықтан да қазақ сөз өнерінің классикалық үлгілері саналатын әр жанрдағы туындыларының халық игілігіне айналып, зерттеу нысанасына алынуы рухани өмірге жаңа рух дарытты, қоғамдық санада көркемдік танымның соны сипаттағы әдеби-эстетикалық тұғырының орнығуына кең тыныс берді. Әдебиеттанудың Алаштануға бетбұрыс жасауы, түптеп келгенде, ұлттың тарихи жадын жандандырды, өткеніне үңілуге, болашаған бағдарлауға түбегейлі жол ашты. Проблемалық мақалалардан бастау алған рухани үрдіс әдебиеттануда Алаш арыстары мұрасының жеке жинақ болып жариялануы, арнайы монографиялық, диссертациялық зерттеу өзегіне алынуы, оқулықтар мен мен бағдарламаларға ену арқылы жаңа өріске бет алды. Ең бастысы, шәкәрімтану, ахметтану, міржақыптану, жүсіпбектану, мағжантану ілімдері әдебиеттанудың және қоғамтанудың басты да келелі өзегіне айналды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын жаңаша көзқараста зерттеудің басты күретамырын Алаш арыстары құрай отырып, ол Ш.Бөкейұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Н.Орманбетұлы, Н.Наушабайұлы, Ғ.Қараш, С.Торайғырұлы, Б.Күлейұлы сынды тұлғалардың идеология тарапынан жариялауға тиым салынған мұрасын жарыққа шығару, шығармашылығын ұлттық мүдде тұрғысынан қарастыру мәселелерімен ұштастырыла жүргізілді. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістерге академик Зәки Ахметов өзіндік үлесін қосты. Атиап айтқанда XX ғасыр басындағы әдебиеттегі Абай дәстүрі, Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының ұлттық руханияттағы құндылығы екшеліп, Шәкәрім қазақ әдебиетінің классигі екені айқындалды. Ұлттық ояну дәуірінің алыбы Міржақып Дулатұлы шығармашылығын жаңа идеялар жаршысы деп бағалады.

**Ғылыми мақала 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР1487700415 «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексті және жаңа ғылыми парадигма» жобасын іске асыру аясында дайындалды.*

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Реабилитация: Полит. процессы 30-50-х годов / Под общ. ред. А.Н.Яковлева. – Москва: Политиздат, 1991. – 461 с.
- 2 Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде // Қазақ әдебиеті. –1988. – 15 сәуір.
- 3 Қазақ ССР Прокуратурасында // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 23 желтоқсан.
- 4 Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсынұлының және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 6 қаңтар.
- 5 Міржақып (Мир-Якуб) Дулатов // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 28 шілде.
- 6 Ахметов З. О своеобразии казахского литературного процесса начала XX века: [анализ творчества Ш. Кудайбердиева, А. Байтұрсынова, М. Дулатова, М. Жумабаева] // Известия АН КазССР. Серия филологическая. – 1990. – № 2. – С. 30-41.
- 7 Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі // Абай. – 2007. – № 4.